CLATRONIC®

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Фондю-қуырма ыдыс

FFR 2916

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін рақмет. Құрылғыны пайдалану сізге ұнайды деген үміттеміз.

Осы пайдаланушы нұсқаулығында қолданылатын таңбалар

Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ететін маңызды кеңестер ерекше белгіленген. Оқыс жағдайлар мен бұйымның бұзылуына жол бермес үшін міндетті түрде осы ұсыныстарды сақтаңыз:

⚠ **ЕСКЕРТУ:**
Денсаулыққа төнетін қауіп пен жарақат алу қатері туралы ескертеді.

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:**
Бұйым мен оның айналасындағы басқа да заттарға келуі ықтимал қауіпті көрсетеді.

ℹ **ЕСКЕРТПЕЛЕР:**
Кеңестер мен ақпарат береді.

Жалпы ақпарат

Аспапты пайдаланбас бұрын беріліп отырған пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқып шығып, оны кепілдік талонымен, касса чегімен және мүмкіндігіне қарай қаптау материалы бар картон қорабымен бірге сенімді жерде сақтау керек. Аспапты басқа адамның қолдануына берген кезде міндетті түрде осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қоса беріңіз.

- Аспапты тек жеке қолданыста және мақсатына сай пайдаланыңыз. Аспап коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Аспапты ашық аспан астында пайдалануға болмайды. Аспапты ыстықтан, тікелей күн сәулесінен, ылғалдан (суға салушы болмаңыз), өткір бұрыштарға соғылудан аулақ ұстаңыз. Аспапты ылғал қолмен ұстамаңыз. Аспап ылғалданса немесе оған су кіріп кетсе бірден ашаны розеткадан суырыңыз.
- Пайдаланып болған соң, керек-жарақтарын орнату, аспапты тазалау немесе аспаптың бұзылуы кезінде ашаны әрдайым розеткадан суырып қойыңыз (кабельден емес, ашадан ұстап тартыңыз)
- Қосулы электр аспаптарын қараусыз қалдыруға **болмайды**. Бөлмеден шығар кезде аспапты үнемі өшіріп жүріңіз. Розеткадан штекерді суырыңыз.
- Аспапта және желі қуат көзінің кабелінде зақымдалған жерлердің бар-жоғын жүйелі түрде тексеріп тұру керек. Зақымдалған жерлері бар болса, аспапты пайдалануға тыйым салынады.
- Тек түпнұсқа бөлшектер пайдаланыңыз.
- Қауіпсіздік тұрғысынан қаптаманы (пластик қапшық, картон, пенопласт) қараусыз қалдырмаңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ!**
Балаларға полиэтилен үлдірмен ойнауына рұқсат етпеңіз. Тұншығып қалу қаупі бар!

Арнайы нұсқаулар!

- Ешбір жағдайда аспапты өз бетіңізше жөндемеңіз, тиісті рұқсаты бар маман көмегіне жүгініңіз Қауіпсіздік тұрғысынан желі кабелін дәл сондайға өндіруші зауыт, біздің сервистік шеберхана немесе тиісті білікті маман ауыстыруы тиіс.
- Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеңіз.
- Аспапты 0 мен 8 жас аралығындағы балаларға пайдалануға болмайды .
- Аспапты 8 жастан асқан **балалар** ересектердің қадағалауымен қолдана алады.

- Аспапты физикалық, сезу және ақыл-есі шектеулі жандардың пайдалану тәжірибесі болмаса және олар қолдануына, қауіпсіз пайдалану туралы ақпараты және төнуі ықтимал қауіп туралы түсінігі болса рұқсат етілген.
- Аспап пен желілік сымды 8 жасқа дейінгі балалардың қолдары жетпейтін жерде сақтаңыз
- Балалардың тазалауына және қызмет көрсетуіне тыйым салынған.
- Ыстық сұйықтықтар төгіліп кетпеуі үшін фондю әзірлейтін ыдыстар тұтқалары арқылы тұрақты күйге орнатылуы керек (бар болса).

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Аспапты тазалау кезінде суға батыруға болмайды.

- Әртүрлі беттер өнімдер мен майларға тиеді. Сондықтан “Тазалау” тарауында келтірілген нұсқауларды орындаңыз.
- Таймері бөлек орнатылған және қашықтан басқару жүйесі бар аспапты пайдалануға тыйым салынған.
- Бұл аспапты үй шаруашылығында және сол сияқты жағдайларда қолдануға болады:
  - Дүкен, кеңсе және басқа да өнеркәсіптік ас бөлмелеріндегі қызметкерлер пайдалана алады.

  Аспапты мына жағдайда **пайдалануға болмайды**
  - Қонақүйдегі, мотельдердегі және басқа тұрғын жайлардағы қонақтар;
  - Ауылшаруашылық құрылыстарында;
- Ыстық тамақ пен түнеп шығуды қамтамасыз ететін орындарда

Жеткізу көлемі

1 қуырма ыдыстың негізгі элементі

1 қуыру себеті тұтқасы бар
1 алынатын қақпақ,
1 шанышқы тұтқышы
6 фондю шанышқылары

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

⚠ ЕСКЕРТУ:
Күйік шалу қатері! Майды MAX (максимум) белгісінен асырып құюға болмайды! Қызып тұрған май шашырап, күйік шалу себебіне айналуы мүмкін

ЕСКЕРТУ:

- Қуыруға арналған майды пайдаланыңыз. Ондай майлар жылуға төзімді. Басқа майлар төмен температураның өзінде түтіндей бастайды. Аяқ астынан өрт шығу қаупі бар.
- Бір қуыру процесі үшін әрдайым бір сұрыпты май қолданылуы тиіс. Тоң май мен сұйық май қоспаларынан көбік шығуы мүмкін. Мұндай жағдайда май қатты шашырауы мүмкін.
- Аспап өртенген жағдайда сумен сөндіруші болмаңыз. Аспап қақпағын жауып қойыңыз. Отты ылғал сүлгімен сөндіріңіз.

- Аспапты әрдайым тегіс әрі ыстыққа төзімді бетке орналастырыңыз.
- Аспап пайдаланылып тұрғанда оны жылжытуға тыйым салынған.
- Аспапт тек арнайы тұтқасынан ұстап көтеріңіз.
- Май шашырауынан сақтаныңыз. Себетке өнімді салғанда себетті қуырма ыдыстың сыртында ұстаңыз.
- Тек қуыруға арналған себеттің ішінде ғана қуыруға болады.
- Аспапты қуырма ыдыс ретінде пайдаланғанда қақпақ жабық тұруы керек.

Электр қосылыстар

1. Сіз қосылатын желі кернеуі аспапқа белгіленген желі кернеуіне сай келетінін тексеріп алыңыз. Бұл ақпаратты аспаптың зауыттық тақтайшасынан табуға болады.
2. Қорғанысы тиісінше орнатылған розеткаға күштік сымды қосыңыз.

Жұмысқа дайындық

Бірінші рет қосар алдында

1. Қаптаманы алып тастаңыз. Фритюр ішінде тұтқалы фритюр қорабы бар. Барлық ыдысты фритюрден шығарыңыз. Тұтқа фритюр қорабына салынады.
2. Қақпақты, корпусты және барлық керек-жарақты “Тазалау” тарауында суреттелгендей жуу керек.

Пайдалану нұсқаулары

1. Майдағы тамақ қалдықтарын алып тастап отырыңыз (мысалы картоп таяқшаларын). 8-10 реттен кейін майды ауыстыру керек.
2. Фритюр майы жоғары температураға төзуі керек. Фритюрде қуыру үшін сапасы жоғары майды және сұйық майды пайдаланыңыз. Маргарин, зәйтүн немесе сары май қолданушы болмаңыз. Майдың бұл сұрыптары фритюрге сай келмейді, себебі олар температура сәл көтерілген кездің өзінде түтіндей бастайды. Құрамында крахмалы бар азық-түлікті (картоп, жарма) қуыру кезінде ондағы акриламидтің түзілуін минималды деңгейде ұстап тұру үшін температураны 170° C (қосым. 175° C) асырмаған жөн. Әрі қарай қуыру уақытын барынша қысқартып, сары түске шейін барынша қуыру керек.
3. Қолайлы температураны орнатыңыз, міндетті түрде азық-түлік ерекшеліктерін ескеріңіз. Бейімделу үшін мынадай қағиданы қолданған жөн:фритюрде алдын ала қуырылған өнімдерді қайта қуыру үшін, шикі өнімдерге қарағанда жоғары температура қажет болады.
4. Май әлі де ыстық болса, фритюрді қозғалтпаңыз да жылжытпаңыз.
5. Майға қамыр өнімін салмас бұрын, міндетті түрде артық шығып тұрған қамырды кесіп алып тастаңыз.
6. Фритюр себетіне өнімді асырып салмаңыз.
7. Ылғал өнімдерді майлықпен кептіріңкіреп алу керек.

Пайдалану / жұмыс тәртібі

Фритюрде қуыру

1. Аспап желіден ажыратылып, сөніп тұрғанын тексеріп алыңыз.
2. Қақпақты ашыңыз.
3. Фритюр қорабын ашып, фритюр ыдысына май немесе тоңмай құйыңыз (максимум 1,0 л). май деңгейі ”Min“ және ”Max“ деңгейінде тұруы керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Тоңмай қолданып әзірлейтін болсаңыз, оны алдымен кішкентай тілімдерге турап алып, содан кейін фритюр түбіне салыңыз.
- Ешбір жағдайда тоңмайды фритюр қорабына салмаңыз.

4. Қақпақты жабыңыз. Желі ашасын жерге қосылған кернеуі бар розеткаға салыңыз. “POWER“ бақылау шамы жанады.
5. Реттегіш көмегімен қажетті температураны реттеңіз. “HEAT“ бақылау шамы жанады. Орнатылған температура өз шегіне жеткенде бақылау шамы сөнеді.
6. Фритюр себетіне өнім салыңыз, бұл кезде салынған өнім ыстық май деңгейінен аспауы керек.
7. Енді қақпақты ашып, өнім салынған абайлап түсіріңіз. Тұтқаны фритюр қорабынан ажыратыңыз.
8. Қақпақты жабыңыз.
9. Әзірлеу уақыты өткен соң (қуыру уақыты өнімнің қаптамасында тұр), қақпақты абайлап ашыңыз (Мұқият болыңыз, бу атқылауы мүмкін!). Фритюр қорабын тұтқамен шығарып алыңыз.
10. Қуырылған өнім майының сорғуын күтіңіз.

Фондю

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:**
- Бұл өнім ірімшік немесе шоколад фондюді әзірлеуге арналмаған. Бұл өнімдер фритюр ішінде тұтанып кетуі немесе одан қайнап шапшуы мүмкін.

1. Аспап желіден ажыратылып, сөніп тұрғанын тексеріп алыңыз.
2. Қақпақ жоғары қарай ашылады. Ол үшін оны ашып, корпустағы топсасынан шығарып алу керек.
3. Фритюр қорабын шығарып алып, фритюр ыдысына май не сұйық май құйыңыз (максимум 1,0 л). Май деңгейі ”Min“ және ”Max“ белгілерінің арасында болуы керек.

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:**
- Тоңмай қолданып әзірлейтін болсаңыз, оны алдымен кішкентай тілімдерге турап алып, содан кейін фритюр түбіне салыңыз.
- Ешбір жағдайда тоңмайды фритюр қорабына салмаңыз

4. Аша тұтқышын салыңыз.
5. Қақпақты жабыңыз. Желі ашасын жерге қосылған кернеуі бар розеткаға салыңыз. “POWER“ бақылау шамы жанады.
6. Температура реттегішін 130°C бұраңыз. “HEAT“ бақылау шамы жанады. Орнатылған температура шегіне жеткенде, бақылау шамы сөніп қалады.

Ағаш таяқ (ағаш қасық) көмегімен дұрыс температураға жеткенін тексеруге болады: майға малынып тұрған ағаш таяқшада ауа көпіршіктері пада болуы керек. Сонымен бірге дайындалған өнімнің тілімін майға салуға болады. Майда көпіршіктер пайда болса қажетті температураға жетті деген сөз.

7. Май тілімдерін шанышқыға қадап, майға салыңыз. Қуыру ет тілімдерінің қалыңдығына байланысты 4-7 минут жалғасады. Бұл тілім кіші болған сайын тез қуырылады дегенді білдіреді.

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:**
- Дайындалған өнімді майға абайлап салыңыз. Абай болыңыз, себебі сіз ашық кастрөлмен жұмыс істеп тұрғандықтан май шашырауы әбден мүмкін.
- Алдымен барлық өнімді сүлгімен ылғалдап алыңыз.

8. Реттегіш көмегімен температураны тілімдер сәл қайнаңқырап пісетіндей етіп таңдап алыңыз.

Жұмыстан кейін

Электр аспапты өшіру үшін температура реттегішін OFF/ӨШІРУ күйіне орнатып алып, ашаны розеткадан суырыңыз.
Фритюр майы ұзақ суиды. Әрі қарай жұмыс істеу үшін май температурасы қауіпсіз шекке жеткенін тексеріп алыңыз.

Май

⚠ **ЕСКЕРТУ:**
- Тазалау алдында әрдайым ашаны розеткадан суырып, аспаптың сууын күтіңіз.
- Аспапты суға салмаңыз! Себебі электр тогы соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:**
- Сым щеткаларды немесе қажайтын жабыны бар құралдарды пайдаланбаңыз.
- Күшті және қажайтын жуғыш заттарды қолданбаңыз.

- Пайдаланылған майды төгіп тастаңыз.
- Алынатын бөлшектер мен өнімге және майға тиетін керек-жарақтарын жуатын ваннада шешіп алыңыз.
- Қуырма ыдыс контейнерін ылғал сүлгімен және ыдыс жуатын құралмен тазалаңыз.
- Қуырма ыдыс контейнерінің ішін ылғал сүлгімен сүртіңіз.
- Қуырма ыдыс корпусының сыртын ылғал сүлгімен сүртіңіз.
- Қақпақты жоғары қайырып қоюға болады. Осылайша, тазалау процесі жеңілдейді.
- Аспап қақпағын ылғал сүлгімен сүртіңіз.
- Сүзгілерді ауыстыру үшін аспап қақпағындағы сүзгі қақпағын жоғары тартыңыз.

Сақтау

- Құрылғыны нұсқаулықта көрсетілгендей тазалаңыз да оның толық кебуін күтіңіз.
- Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбайтын жағдайда өзінің түпнұсқа қаптамасында сақтау керек.
- Құрылғыны әрдайым құрғақ, жақсы желдетілетін, балалардың қолдары жетпейтін жерде сақтаңыз.

Техникалық деректері

Үлгі: FFR 2916
Электр қуат көзі: .....220 – 240 В~, 50 Гц
Тұтынатын қуаты: .....840 ватт
Қорғаныс сыныбы: I
Резервуар көлемі: .....шамамен 1,0 литр
Таза салмағы: .....шамамен. 0,90 кг

Өнімді өңдеу аясында техникалық және конструкциялық өзгертулер енгізу құқығы сақталған.

CE директивасында ұйғарылған осы бұйым барлық қажетті және соңғы тексерістерден өтті. Мысалы, электрмагниттік үйлесімдік және төмен вольтті техникаларға сәйкестік, сонымен қатар ол қауіпсіздік техникасының соңғы талаптарына сәйкес құрастырылып жасалған.

CLATRONIC®
INTERNATIONAL GMBH

Internet: http://www.clatronic.de

Stand 09/13